

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№30				
Күндері	04.04 - 08.04.2022				
Өтпелі тақырыптың атауы	Жер-Ана! / Родная земля / Homeland				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жеке меншік балабқшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дуисенбаева Н.Ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуға үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Даму орталықтарында кезекшілікті ұйымдастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау.	"Кері сөз айт" дамытушы ойыны. Мақсаты: балалардың сөздік қорын заттардың қасиеттерін, орнын сипаттайтын сөздер мен оларға қарама-қарсы мәндес сөздер арқылы жетілдіру. Шарты: айтылған сөзге қарама-қарсы мағынадағы сөзді айту.	Үстел үсті ойындары: пазлдар.	"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін нақтылау және тереңдету. Барысы: педагог балаға жыл мезгілін атайды да таңбалауыш береді. Бала жыл мезгілінде болатын табиғат құбылысын атайды да, таңбалауышты келесі балаға береді. Таңбалауышты алған келесі бала жыл мезгілінің екінші ерекшелігін атайды. Ойын осылай жалғаса береді.	"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ,				
Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	"Мөлдір су". Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, Екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын!				
Ойындар, оқу қызметіне	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				

дайындық	Тыныс алу жаттығуы. Қолға, алып шарды, Үрлеймін мен былай. Уф-ф-ф, Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды. Пах.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қол алысып, көне біз, Достасайық бәріміз Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты, Шашып бізге шапағын, Тілейміз сізге ақ таңның, Куанышым,шаттығын Қайырлы таң ! Қайырлы күн!	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күннің көзі ашылып, Көкте шуақ шашылып Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой, Ал, көнекей, бәріміз, Сәлем дейік үлкенге!	"Жіпті шардың түсіне қарай ірікте" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың түстерді ажырата отырып, көру қабілетінің артуына және көз қарашығын демалту жаттығуларын жасатуға арналған ортаңғы топтағы түстерді бекітуге пайдаланылады.
----------	---	--	--	--	--

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Мысық тақпағын жаттау". Мақсаты. Балаларды мысық туралы тақпақпен таныстыру, көркем сөзді жатқа айтуға үйрету, үй жануарының дене ерекшеліктері мен тіршілік ерекшеліктері жөнінде білімдерін жетілдіру. <i>Дамытушы ойын. "Кері сөз айт".</i> Сурет салу "Құрақ көрпе". Мақсаты. Балаларды ұжым ортасында түрлі үшбұрыштардан құрылған құрақ көрпе бейнесін фломастермен салу амалдарына үйрету; үлкен көрпе құрамындағы үшбұрыштар сұлбасы ізімен басып жүріп, үшбұрыш ішін қалаған ою түрлерімен безендіруде жаттықтыру. Дене шынықтыру "Жер-ана құшағында". Мақсаты. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қалшаны басына қойып, тіке жүруге үйрету. <i>"Мысық пен тышқан" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Туған ел". Мақсаты. Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Жерде не өседі?".</i> Математика негіздері "Төлдерді күтейік". Мақсаты. Балалардың екі тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыру және теңдестіру дағдыларын жетілдіру; саны өзара тең, аз немесе көп, биіктігі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру нәтижесін тұастыру, беттестіру арқылы тексеру, салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеу іскерлігін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, көз мөлшерін, ойлау қабілетін дамыту. <i>Үстел басындағы іс-тәжірибе жаттығуы. "Биіктігі бірдей екі төлді тауып бер".</i> Вариативті компонент/ Дидактикалық ойындар	Көркем әдебиет "Бір үзім нан". Мақсаты. Балаларды "Бір үзім нан" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету; шығарма мазмұнындағы сөздердің мағынасын түсіндіру. Дене шынықтыру "Жер-Ананы қадірлейік!" Мақсаты. Балаларды екі аяқпен секіруге (аяқтар алшақ) үйрету; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты тордан өткізе лақтыру іскерліктерін дамыту. <i>"Секіреміз" қимылды ойыны.</i>	Жаратылыстану "Көктемгі табиғат". Мақсаты. Балалардың көктемгі табиғаттың ерекшеліктері мен құбылыстары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; көктем құбылыстарын ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен қызығушылықтарын дамыту. <i>"Көктемгі орманға саяхат" ойын рефлексиясы.</i> Орыс тілі "Кто пасется на лугу". Домашние животные и птицы. Цель. Учить запоминать названия домашних животных и птиц, внимательно слушать потешку на русском языке («Да на улочке»), понимать содержание потешки, проговаривать наизусть вслед за образцом педагога, учить правильно артикулировать звукоподражательные слова, применять их в ответах на вопросы; учить определять исходные слова, опираясь на их уменьшительно-ласкательные формы. <i>Словесное упражнение "Назови, кого узнал".</i>	Мүсіндеу "Шарбақ жанында жатқан доп". Мақсаты. Балаларда ауылдағы адамдардың тіршілік ерекшеліктері жөнінде ұғымдар қалыптастыру, шарбақ туралы түсініктерді тиянақтау, үй жануарлары туралы білімдерді жетілдіру. <i>Сергіту сәті. "Допты ұстап алмайсың".</i> Дене шынықтыру "Туған жер-тұғырың". Мақсаты. Балаларды допты тура нысанға оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын арттыру; оқу қызметін пысықтау. <i>"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны.</i>
---	---	---	---	---	--

Серуен	Жол қиылысын бақылау. Мақсаты: бағдаршам туралы білімдерін бекіту; жаяу жүргіншілердің мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту; көшеде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарға ұя салу). Мақсаты: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз тамшылармыз". Мақсаты: қос қатар құруды, кең шеңбер құруды үйрету; ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігін, жылдам реакциясы мен тапқырлығын жаттықтыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Үшінші артық". Мақсаты: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.	Желді бақылау. Мақсаты: ленталар көмегімен балаларды желдің күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, айту, қандай жел (күшті, әлсіз, жылы, суық, көктемгі). Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы тазарту). Мақсаты: еңбек жасау қабілетін жетілдіру, жасалған жұмыстан қанағат алуды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Маралдарды аулау". Мақсаты: ойын ережелерін сақтауға, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамытуға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту (жүру), зейінді дамыту, қимылдарды үйлестіру.	Аспанды бақылау. Мақсаты: балаларды аспанмен байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құмды жолға себу). Мақсаты: балаларды еңбек әрекеттерін дұрыс орындауға, еңбек майданын үлестіруге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тегіс жолда". Мақсаты: баяу қалыппен жүруді, секіріп, тізе бүгуді үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Тар жолда". Мақсаты: ептілікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту.	Құстарды бақылау. Мақсаты: құстарды сыртқы түрінен атап, ажырата білуге үйрету, олардың әдеттерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда әкелетінін білу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарға ұя салу). Мақсаты: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тез ал, тез қой", "Жұбынды қуып жет". Мақсаты: спорттық ойындарға қатысу дағдыларын дамыту, физикалық дамуға ықпал ету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Сарбаздар" жаттығуы. Мақсаты: балаларды жорық жаттығуларына жаттықтыру (педагогтің белгісі бойынша бағанаға бірінен соң бірі сапқа тұру).	Ауа температурасын бақылау. Мақсаты: балаларға ауаның температурасын байқауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ересектермен бірге ауланы сыпыру). Мақсаты: Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз", "Аю мен аралар". Мақсаты: балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Доп лақтыру". Мақсаты: күш сала отырып, ептілікті дамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бөтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйемен шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап шаю, беттерін жуу, беті-қолдарын сүлгімен құрғату.				
Үйге қайту	Ата-анамен жұмыс				

Тексерген:Бекишева М.А